

ЕАГИ РЕКТОРЫНЫҢ ГРАНТЫН БЕРУ КОНКУРСЫН ӨТКІЗУ ТӘРТІБІНІҢ НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕРІ

1. Конкурс нәтижелері жарияланбай, «Google Forms» платформасын немесе ұқсас сервисті пайдалану арқылы онлайн форматта өткізіледі.
2. Тестілеу сұрақтары мен нәтижелері тек «Тапсырыс берушіге» және «Орындаушыға» қолжетімді құпия ақпарат болып табылады.
3. Тестілеу нәтижелеріне сәйкес конкурс жеңімпазына ЕАГИ ректорының гранты тағайындалады.
4. Екінші және үшінші орын иегерлеріне тиісінше 50% және 25% мөлшерінде оқу ақысына жеңілдік беріледі.
5. ЕАГИ ректорының гранты және оқу ақысына берілетін жеңілдіктер алты ай мерзімге ұсынылады.
6. Гранттың немесе оқу ақысына берілетін жеңілдіктің қолданылу мерзімін ұзарту үшін бірінші семестрдің және кейінгі семестрлердің қорытындылары бойынша сессия нәтижелерінде бағалар тек «жақсы» және «өте жақсы» болуы тиіс.
7. Конкурсқа қатысушылардың екеуінде немесе одан да көп қатысушысында балдар саны бірдей болған жағдайда, жүлделерді тапсыру сәтінде даулы жағдайды шешу үшін оларға базалық пәндер бағдарламасы бойынша ауызша сұрақтар қойылады.
8. Грант пен оқу ақысына жеңілдіктер абитуриент жеңімпаздарды марапаттау рәсіміне жеке өзі қатысқан жағдайда ғана тағайындалады.
9. Олимпиада сұрақтарын әзірлеу ЕАГИ оқытушыларымен консультациялар өткізу арқылы жүзеге асырылуы мүмкін.
10. ҰБТ-ға дайындық бойынша біздің қауымдастықтар желісінде тіркеу формасы институт туралы ақпаратпен бірге жарияланады. Аталған қауымдастықтарға Қазақстанның барлық өңірлерінен абитуриенттер жазылған. Тіркеу формасы бірнеше рет жарияланады.
11. ЕАГИ өкілдері олимпиаданы өткізу процесінің ашықтығы мен айқындығын бақылауды жүзеге асыра алады.
12. Олимпиадаға қатысу үшін тіркелу сілтемесін ЕАГИ сайтында немесе ЕАГИ-дің әлеуметтік желілердегі ресми парақшаларында жариялау мүмкіндігі болуы қажет.
13. Конкурсқа қатысуға тіркеуді ашу шартқа қол қойылғаннан кейін үш күн ішінде жүзеге асырылуы қажет.
14. Конкурстың бірінші кезеңін 2026 жылғы 21 тамызда сағат 10:00-ден бастап өткізуге болады. Конкурстың екінші кезеңі және нәтижелерді жариялау

2026 жылғы 24 тамызда Астана уақыты бойынша сағат 12:00-де Zoom-конференция форматында өткізіледі.

15. Конкурсқа 2026–2027 оқу жылына таңдалған білім беру бағдарламасы бойынша ағымдағы жылғы ҰБТ-дан шекті балл жинаған барлық абитуриенттер қатыса алады. ҰБТ сертификатындағы бейіндік пәндер комбинациясы таңдалған білім беру бағдарламасына сәйкес келуі тиіс. Екінші кезең өткізілетін күнге дейін басқа гранттарға ие болған тұлғалар конкурсқа қатыса алмайды.
16. Тағайындалған грантты бейіндік пәндер таңдалған білім беру бағдарламасына сәйкес келген жағдайда, институтта бар кез келген бакалавриат білім беру бағдарламасына түсу үшін пайдалануға болады.
17. Бейіндік пәндер бойынша балдары Ұлттық тестілеу орталығы белгілеген шекті балға тең немесе одан жоғары болған мектеп түлектері конкурсқа жіберіледі.

Ректор гранты байқауына қалай тіркелуге болады?



QR-кодты сканерлеп, форманы толтырыңыз



WhatsApp-чатына қосылыңыз. Барлық маңызды ақпарат тек **сол жерде** болады

Барлық сұрақтар бойынша WhatsApp-қа **жазыңыз: +7 706 700 16 17**

Instagram: eagi_life